

© КОЛЛЕКТИВ АВТОРОВ, 2022

УДК 61:378

К. Ж. Абдрахманова<sup>1\*</sup>, Г. Б. Алипбекова<sup>1</sup>

## МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІНДЕ СТУДЕНТТЕРГЕ ХХ-ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ПРОЦЕСІН «ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ПӘНІНДЕ ОҚЫТЫП, ТАНЫСТЫРУ

<sup>1</sup>Қарағанды медицина университетінің Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасы (Қарағанды, Қазақстан)

\*Камшат Жаксылыковна Абдрахманова – Қарағанды медицина университетінің Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының ассистент-профессоры; e-mail: K-Abdrahmanova@qmu.kz, тел.: +77774836772

Мақала ХХ-ғасырдың басындағы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан бастаған қазақ зиялыларының қоғамдық денсаулық сақтау жүйесінің қалыптасу процесін зерделеу тарихына арналады.

Автор қазақ зиялыларының ой-пікірлері мен еңбектерін таныстыра отырып, талдау жасайды. Тарихи маңызын, тақырыптың күн тәртібіндегі актуальдылығын көрсетеді.

*Кілт сөздер:* Алаш, Әлихан Бөкейхан, Қазақстан, зиялылар, денсаулық сақтау, гигиена, жұқпалы аурулар.

Ең алғашқылардың бірі болып денсаулық туралы зерттеп жазған Алаш зиялыларының жасаған еңбегі қыруар. ХХ-ғасырдың басында қазақ зиялылары денсаулық тақырыбына байланысты, жұқпалы аурулар, олардың алдын алу шаралары туралы жазған зерттеулері мен мәліметтері күні бүгінге дейін маңызы мен мазмұнын жоғалтқан жоқ. Москвада қызмет жасап жүргенде Әлихан Бөкейхан өзі бас болып «Денсаулық сақта» кітабын жарыққа шығарды. Жұқпалы аурулар туралы жазылған бірнеше зерттеу еңбектеріне алғысөз жазып, сын айтты. 1926-1927 жж. Москвадағы «Күншығыс» баспасынан таралымы жағынан 3000 мен 5000 тираж аралығын қамтитын 10нан астам «Жұқпалы аурулар туралы» кітаптар басылып шығарылған. Денсаулық тақырыбында кітап жазған Алаш зиялыларының қатарында: Санжар Асфендияров, Халел Досмұхамедов, Міржақып Дулатов, Тұрағұл Абайұлы, Жұмағали Тілеуліұлы, Біләл Малдыбайұлы, Ахмет Мамытұлы т.б. қазақ зиялылары болды. Жұқпалы аурулар мен олардан сақтану және алдын алу үшін өткен ғасырдың басында қазақ зиялылары қажетті кітаптар шығарып, ұлт істерін өркендетуге өз үлестерін қосқан.

Санжар Асфендияров жұқпалы ауруларымен күрескен аурулар мен індеттердің алдын алу шараларына, халыққа ақысыз дәрігерлік көмек көрсету жұмыстарын жолға қою үшін көп еңбек етеді. Халық арасына жиі кездесетін туберкулез, шешек, оба, сүзек, тері ауруларына қарсы медициналық көмек ісін ұйымдастыру жолдарын қолға алды. Орта дәрежелі оқу орындарында, қысқа мерзімді арнаулы курстарда әртүрлі буындағы медицина мамандарын көптеп даярлауға күш салды.[7]

1913-1918 жж. Қазақ газетінде «Тамыр дәрі хақында», «Сары кезік-сүзек», «Жұқпалы ауру хақында» сынды кәсіби, әлеуметтік-саяси тақырыптарда мақалалар жариялап, өзіндік ой-пікірін білдіріп тұрды.[7]

Ахмет Байтұрысынұлының тапсырмасымен мектептер үшін алғашқы қазақ тіліндегі

«Гигиена» оқулығын жазған Жұмағали Тілеуліұлы (1890-1937) еді. 1926 жылы Мәскеудегі «Күншығыс баспасынан» басылып таратылған «Жұқпалы науқастар - оларға қарсы қолданылатын шаралар» кітапшасында - Оба науқасы және одан сақтану жолдары көрсетілген. Карантин енгізу, науқас білінген аумақты оқшаулау мәселесі айтылады.[12]. 1922-1927 жылдары Мәскеудегі «Күншығыс баспасында» белсенді жұмыс істеген Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан ұлттың рухани мұраларының жинақтап бастыруды қолға алды. Денсаулық тақырыбынан «Денсаулық сақта», «Жамандат – топалаң» кітаптарын қазақшалап оқырманға ұсынды. Сонымен қатар Әлихан Бөкейхан баспадан шыққан өзге де 10-ға жуық кітапқа алғысөз, сын жазған.

Денсаулық - баға жетпейтін жалғыз ғана асыл дүние. Адам өмірінің маңызы, ең бағалысы - денсаулық. Көп жасау - деннің саулығы, бақытты болу - адамның өз қолындағы ісі. Денсаулық - ең қасиетті де құнды, қайталанбас, жоғалса қайта орнына қиындықпен келетін, адам баласының орны толмас асыл қазынасы. «Қазақстан 2030» бағдарламасында Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан азаматтарының ертеңі бүгіннен басталатынын көрсетсе керек. Салауатты өмір салтының мақсаты - өмір сүрудің мағынасы терең екендігін білдіруде. Ішімдік, нашақорлық - адамның жауы. Бұл жолдан аулақ жүру керек. Басты байлық денсаулық. Денсаулық дұрыс болу үшін қоғамдық жүйе де дұрыс болу қажет.

Халқымыз «Дені саудың - жаны сау» деп тегін айтпаған. Еліміздің келешегі, көркеюі - салауатты өмір салтын сақтау мен қолдауда. Денсаулық - бұл адамның еңбекке белсенді болуы, әрі ұзақ өмір сүруі, деннің саулығын және рухани саулығын сезіну. Денсаулық қоршаған орта мен тыныс тіршілігімізге тікелей байланысты. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының жарғысында «Денсаулық - физикалық ақаудың, аурудың болмауы ғана емес, адамның физикалық, психикалық, рухани және әлеуметтік тұрғыдағы толыққанды белсенділігі» ретінде түсіндіріледі.

Денсаулық, салауаттылық санадан бастау алады. Яғни тек жеке бастың ғана емес ұлтымыздың да ұлы игілігі.

XX ғасырдың басындағы бүкіл қазақ интеллигенциясының көшбасшысы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханнан үйренетін сан қилы үлгі бар. Оның идеялары мен тәжірибелері байлығы жөнінен бірегей. Әлеуметтік және адамгершілік қоры да әлі түгелдей игерілген жоқ. Бұған әріне қоғамның өзі жауапты. Шындығына келгенде, біздің мәдениет бұқаралық, ұжымдық және жеке көріністері арқылы ұлт қуатының және сол сияқты әлсіздігінің де негізгі қайнар көзі саналады, дейді тарих ғылымдарының докторы Дина Аманжолова. Әлихан Бөкейханның қазақ алдында өтемеген борышы: білімі мен Еуропаның таңдамалы оқымыстыларына тең түсіп, құрдас болса да қазақты салмақтаған, келешекке бақыт көрсеткен «пәнді еңбек» істемегені, дейді Қ.Кемеңгерұлы. Жүрегі бала, иманы таза, шыншыл, сенімшіл Әлиханға қара тұрмыстың кіріне былғанып, саясат сандалына түскенше, пән жолына түсіп, жоспар көрсетуі керек еді. Саясаттың бұлтақ-сұлтағы көп, кейде алдауды да керек қылады. Әлиханда бұл мінез жоқ. Шындығында Әлихан Бөкейхан саяси іске езілген елі үшін амалсыздан кірді. Ұлтың өте сүйген жүрегі, біраз жылдар Әлиханның тума пікіріне қарсы жолдарға түсірді. Басқа жұрттардың басшылары тым-тырақай шет елдерге өтіп кетсе Әлиханның қоныс аудармай қалуы да - елін сүйгендікке дәлел. [11].

Әлихан Бөкейхан XX ғасырдың басында саты-сатымен жүйелі білім алып, екі бірдей жоғарғы оқу орнын бітірген тұңғыш қазақ азаматы болды. Өз еңбектерінде Алаш қайраткері ғылымның әр саласынан хабардар екендігін көрсетеді. Қазақстанға орныққан алғашы жылдарында-ақ Кеңес өкіметі де Бөкейханды ғұлама ғалым деп еріксіз мойындады. Мысалы, Қазақ компартиясының 1921 жылдың маусымында Орынборда өткен 1-партия конференциясында Қазақ АКСР Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы В.Радус-Зенкович өзінің қорытынды сөзінде Бөкейханды “Қазақ өлкесінің ең үздік білігірі” деп мойындады: “Бөкейхан - қазақтың тұрмыс-тіршілігі, өлкенің тарихы жағынан нағыз энциклопедист. Онымен ешбір кітап теңесе алмайды. Бізде осындай қызметкерлер болса екен” [10]

Академик Ә.Марғұлан өзі дүниеден өткеннен кейін жарияланған естелігінде Бөкейханның Ленинградтың мемлекеттік университетінде профессор болып дәріс оқығанын жазды. Әрбір халықтың сан ғасырлық тарихында ұлтының даму үрдісін, санасын жаңа арнаға бұрған айрықша тұлғалар болады. Олар рухани мәдениет деңгейін тың белеске көтеріп, өркендеудің сара бағыттарын айқындап береді. Осындай кесек тұлғалардың бел ортасында Әлихан Бөкейхан тұр. 1926 жылы жарық көрген “Денсаулық сақтықта” атты кітапшасында Әлихан Бөкейхан “Өмірде ең қымбат не? Ол денсаулық!”, “Үйдің атаулы кемшілігі”, “Үйдің екінші айыбы кір-қоқ-

сық” атты еңбектерін жазады. Кітапта аурулардың қалай таралатынын: “Трақома дейтін көздің жұқпасы бар. Алқымына шың алса, көзді шығарып жібереді. Трақома біздің Алаштың жайындай құрғақта сирек болады. Бізге мұны Ауған-орыс, не Азамат соғысында күнбатыстан келген көп әскер келіп жұқтырған болады. Трақома бір орамалға бет сүрткеннен үйдің ішіндегі адамның бәріне жұғады. “Трақома - егін салатын жұрттың ауруы, осы себептен трақома еуропада Аустрия-Венгрияда, орыста қара топырақта, Еділ бойындағы губернияларда көп. Трақоманы жұртқа жаятын настық, тар, кір, жаман үй (жер күрке), ас - түтінде шошала, неміс халқының бір шылапшыннан тәмәм бір үй адамы бет жуған рәсімі. Біздің қазақ та шәруа мал болған соң, соқыр да, трақома да аз еді. Енді Торғай, Орал, Ақмола, Жетісу егіншаруасына белдемшіден кірді, трақомасыз болмас. Бұлай болған соң мұны азайтатын амалын қылу керек”. [2]. Трақома жұқпалы көз ауруы. Ғылым һәм байлық қалың жұртқа таза жайылған Англия, Франция; Швейцария мемлекеттерінде ауру трақома да һәм соқыр да жоқ есебінде. Надан, кедей біздің орыс патшалығында ауру трақома да һәм соқыр да көп. Еуропа мен Азия бетіне қарасақ, ғылым күншығыстан күнбатысқа қарай өседі, трақома дәл солай болып тұр, бұған дәлел: әрбір мың көз аурудың трақома болады 700і Қытайда, 500і Жапонияда, 289ы Самарада, 100і Мәскеуде, 80і Петербургта, 100і Варшавада, 14і Берлинде, 5і Лондонда, 1і Сюрихта. Мұнда трақома жоқ десе де болады. Жапон, Қытайдың күншығысында болып, трақомамен аз ауырғаны халқының ғылымы арқасында [2]. Әлихан Бөкейхан трақоманың таралу тарихын зерттей отырып, алдын алу жолдарын да көрсетеді. “Трақомаға қарсы қылар амал халықты ғылымды бай қылмақ. Бұл мақсат оңай да, жақын да емес, Еуропаны көріп отырмыз ғой: адам баласының қолынан келмейтін де іс емес. Трақомадан сақтанамын десе, таза болу керек. Бұл, ерінбесе әркімнің өз қолынан келеді. Жоғарыда жаздым трақома егіншінің ауруы деп. Егінге, мал боқтығына араласқан кісі қолын әрқашан сабындап таза жуу тіпті керек. Осы қолды сабындап жуу намаздай... болса сонда трақома жоқ болады. Үй ішінде неше кісі болса, сонша бет сүртетін орамал болу керек. Трақома емге көнеді. Трақома бар жерде ауру қарайтын жеке аурухана салу керек. [2].

Мәдени жұрттар балаға шешек кіші бір жасында тегіс егеді. Осымен нағыз шешектен өлу мәдени жұртта аз болады. Келген ауруға қарсы қам қылу шығынын мемлекет қазынасы көтеретін закон бар. Бірақ... жан үшін бұл туралы шығынды қазақ өзі көтергені дұрыс. Себебі халықтың денсаулығы - елдің игілігі, келешегі. Қазір шешек егетін кісілер де табыла қоймас. Бұлардың жұмысын Омбыдағы фельдшер школасында қазақ балалары тілеп шықса істер еді. Орыста бұл болып жүрген іс. Ажалдан алып қалған қазақтар бір жылғы оқудан арзан болмас еді. Ал қазақ шешектен сақтан, шешектен бұрын қан қырған қожадан сақтан!” [10]. “Адам

баласына” шешек қашаннан бері жолдас болғанын тарих білмейді. Ғайса пайғамбар тұмастан 1000 жыл бұрын Қытай патшасы Шин Тонға аурудан алып шешек егіпті. Англия, Дания, Мексика, Индия, Германия жұрты не заманнан бері біледі. Шешек қырғын аурудың бірі екені жер үстіндегі жұрттың бәріне белгілі. Әуелі аурудан тұқым алып, сауға еккен [10]. 1879 жылы Қарқаралы уезінде оңтүстік надан болыстарында қырғын шешек болып, мұның артынан сүйретіліп ере жүретін қожа табылып, ол қожекең сұқ қолмен бармақ арасынан бәкі салып, аурудан алған тұқымды сол бәкі салған жерге жұқтырып еккен. Сөйтіп, көп адамды өлтіріп, жұртқа шешекті көбірек жайған. “1717 жылы Стамбулда Англия елшісі герцог Монтагу баласына егіп ол баласы әлде қалай жазылып, еліне қайтып, шешекті кісіден алып егуді Англия жұртына жайған. Осыны көрген Ресей патшасы 1768 жылы өзіне адамнан алған шешекті екізген. Адамнан алып еккен шешектің қауып жұққан шешектен бірдей болған соң, басқа қауіпсіз боларлық амалын қарастырғандар болған. 1796 жылы осының көп іздеген Англия дәрігері Эдуард Дженнер бұзаудан алған шешектің тұқымын адамға егуді ойлап тапты. 20 жыл қарап, сынап, сонан кейін жарыққа шығарды. Ғылым жолының қиыны осында. Біздің қожалар өздері түк білмей тұрып, бәкі сала бастайды. Англия парламенті 1798 жылы, Дженнер кітабы шыққан соң, бұған 200 мың бәйге берді. 1858 жылы Дженнер аты өшпес үшін Лондонда ескерткіш қорған соқты. Оған бұлай деп жазды: “Адам баласының қорғаны Дженнерге Англия жұртынан”. Шешекке қылатын амал сол заманнан бері оп-оңай бұзаудан алған шешек тұқымын адамға егеді. Бір кісіге егуге 3-4 минут қана кетеді. Бір сағатта 15-20 кісіні егуге болады. Қазақтың бір ауылында 100 үй десек адамы 500 болады. Бұларға шешек егуге көп болса 3 күн кетеді. Бұзау шешегін екен адамға жай шешек жоламайды. Шебер кісі ексе ет ауырмайды. Жұқа қалақша болат пышақ басын бұзау шешегінің тұқымына малып алып, теріні сипап қанатады. Шешек екті деген осы. Қырда болған бұрын шешек егуші қазақ жігіттері бала қолына анасының көзінше шырылдайтып пышақ салған хайуандық, қазақты қорқытып ақша жиып алу үшін істейтін іс. Бұл күнде шешек егуден қорқу надандық. Мынаны тастау керек. Шешекке бұл айтылғаннан басқа ем жоқ. Адам баласы басқа жануарлардан ақылымен, естілігімен, шеберлігімен ажыратылады. Бұлай болған соң жаз шығуға сыйынған адам адам жолынан шыға жайылу болар.

“- Атың қайда?

-Құдайға тапсырып қоя бердім.

-Атышың мықты екен, сонда да өзін қара,- деген қазақ сөзі бар. Мәдени жұрттар балаға шешекті бір жасында тегіс егеді сондықтан нағыз шешектен өлі мәдени жұртта аз болады. Мысалы 1млн адамнан шешектен өлетіндердің саны көрсетелік: Германияда млн адамнан 2 кісі, Францияда - 147, Бельгияда - 259, Австрияда - 313, Россияда - 836. Мұнау соңғы жылдағы сан-

ның ішінде қазақ, ноғай, сарт, башқұрт жоқ-ау деймін. Шешек ұстап қоя берген кісі бұл жұртта тым көп болады. Бұлардың өлгені есепте жасырын қалған десек онша адаса қоймаспыз. Соғыс шешексіз, кезіксіз болған емес. 1870 жылы неміс пен француз соғысында шешектен өлген есебі: Германияда - 300, Францияда - 23400. Германияда заң арқылы шешек балаға тегіс егіледі. Біздің қазақ облыстарында шешекке қарсы мәдени жұрттың қылатын шарасының түрі төменгі шығыннан көрінеді. Шешек егу турасындағы шығын:

Орал облысында - 2600 сом

Торғай - 3890

Ақмола - 1200

Семей - 1200

Жетісу - 1800

Самарқан - 300800

Сырдария, Ферғана - 3800. Бұл есепті мемлекеттік дума қараған 1913-15 жылдарда жасалған құжаттардан алдым. Осы айтылған облыстардың адамы 1897 жылғы санақта 6млн 896мың 368 адам болған. Енді млн адам өсімі жылына 15 кісі болады десек, бұл күндегі адам саны 7млннан асады. Осы 7млн жұрт шешекке қарсы қам қылғандағы шығыны 14мың 490 сом. Бұл 500 кісіге 1 сомнан келеді. Шешекке деп шығарған жұрт қазынасы жоғарыда жазылды. Ол ақшамен жарты іс қылуға болмайды. Келген ауруға қарсы қам қылу шығының мемлекет қазынасы көтеретін заң бар. Бірақ бұл жол соғыс кезінде тар, шабан. Өлген адам қайтпайды. Жан үшін бұл туралы шығынды қазақ өзі көтергені дұрыс”- деп ғасырдың басында Әлихан Бөкейхан эпидемиямен күресу жолдарын заңмен бекіту туралы халықтың денсаулығын сақтау үшін қаражатпен бірге мәдени сауаттылық керектігін баса түсіндіреді [11]. Аурудың тарихын зерттеп қана қоймай алдын алу жолдарын көрсетеді. “Қазір шешек егетін кісілер де табыла қоймас. Бұлардың жұмысын Омбыдағы фельдшер школасында оқып жүрген қазақ балалары тілеп шықса, игілікті шаруа болар еді. Орыста бұл болып жүрген іс. Ал қазақ шешектен сақтан. [2].

Жер бетін жайлаған індетті жеңудің ең тиімді жолы, жалғыз жолы - вакцинация алу. Жаппай екпе алу арқылы ұжымдық иммунитетті қалыптастырып кез келген эпидемия, пандемияға қарсы тұра аламыз. Вакцина алу адамның ғана емес, бір отбасының немесе тұтас ұжымның тағдырын сақтап қалуға септігін тигізетіні ертеден ақ адамзат дәлелдеген шаруа. Екпе алу - індетпен күресудің ең тиімді жолы екендігін Алаш көсемі ғасырдың басында дәлелдеп отыр.

Келесі бір шығармасында Әлихан Бөкейхан “Өмірде ең қымбат не? Ол денсаулық!” деп нақты көрсетеді. “Таудай бақ басқа құласа да, кісі ауырса, ол түкте көзге көрінбейді. Ауруға кең аспан тор көктей, жер аяқты қысқан етіктей болады. Егін салып, мал бағып, қара қазан сары бала үшін күшін жалдап күнелткен адамның жалынғаны - денсаулық. Шаруа ауырып қалса жұмыс ретінен шығып қалады. Ішке су, демалған әуе, бірге жүрген адам, жатқан үй, барған ба-

зар, қала, ауыл бәрі қардай қаптаған ауру. Бұдан біз сақтана да білмейміз. Ауырсақ “шүкір” деп, “молда, ойна” деп, “бақсы, тамыр ұста” деп балгерді шақырамыз. Бұлар емнен түкті білсе, “басына дастар құласын”. Дәрігер, аурухана жаңа тәлтіректеп дүріп келеді, бұрынғы жатқанынан тұрмағыр, патша үкіметі бізді “бұратана” деп біздің елдің денсаулығын еске де алмады. Қазақ елі азая ма, көбейе ме? Тұрмыс не жайда? Денсаулыққа әсері бар ма? Мұны үкімет есіне де алған жоқ. Кеңес үкіметі құрылды. Біз өз тізгінімізді өзіміз алдық, біз не бастасақ та, Кеңес үкіметі шылбыр алып көмбеге бізді тартпақ болады. Құдай қарғаған патша өкіметінің заманында біздің жерде, біздің елде бар ауру ұран айтып жиылып, ұя салып алған, денсаулыққа біз ат салғанда, Кеңес өкіметіне болыс, басқа да бола ма? Теңге қотыр, құрт, тағы да қотыр, ботасын байлаған інгендей біздің елден шықпайды. Сансыз жас бала бесікте өледі. Қазақ ауылындағы денсаулықты сақтауға не қыламыз? Кеңес өкіметінен көмек керке еді, болды: аурухана, дәрігер, кіндік шеше, ақушер әйелдердің саны көбейді. Аурухана, дәрігер елмен ауыл үйге қонды. Ананы алып кел деген жерде аурухана да дәрігер де болды. Ауырсаң бар да емдел, дәрігерді ауылға шақыр. Ауруды аластауға мұның бәрі де аздық қылады. Елдің өз көмегі керек. Халықтың өзі ауруды аластаудың ісін білу керек. Сонда дәрігерге көмекші болады. Ауруды аластаудың әдісін аурудың неден болатын себебін және ол ауруды қырқа салуды білген ғана біледі. Қараңғылық пен надандықты қосарлап ауру көш ат қылып мініп жүр, деп білім айтқалы көп заман болды.” [3]. “Надан ауырса “құдайдан”, “жыннан” деп, жұқпалы аурудың жаласын да құдайға, жынға жабады. Жұқпалы аурудан сақтана білмейді. Ауру хат білмейтін, кітап оқымайтын, мәдениеті тезек терген елге үйір болады.”- деп жазса, келесі бір ойында бұлай деп жазады “Ауруға қарсы атқа мінгенде, алдымен қолға алатын іс елді ағарту. Ел ағарса, денсаулыққа бір табан жақын болады. Надан, қараңғы ананың баласы көп аурады да көп өледі. Әйелді ағарту да денсаулыққа дем болады. Қараңғы ана баласын жақсы тәрбиелеп өсіре алмайды. Баланы бағуды біліп тәрбиелесе, балаға көп шығын шықпайды, шығынды білім азайтады. Қараңғылық әйелдің денсаулығының жауы. Денсаулыққа бір керек шырылдап туып, өмір түзіп, аяқпен шығатын адам ұясы - үйі. Біздің елдің қысқы үйін денсаулыққа жақсы дегеннің жаны шықсын.” [6].

Денсаулықтың кепілі - тазалық мәселесіне де үлкен назар аударады. “Таза ауа, жарық сәуле аурудың жауы денсаулықтың досы. Үйді таза ауалатса, жарық сәулелесе, денсаулыққа бет ала көшкен болады. Денсаулықтың іргесі салынады. Үйді түзете келе талай отбасы аурудан құтыламыз. Үйдің екінші айыбы - кір қоқсық. Кір қоқсық атасы қырық ру. Далада, қорада жүріп етікпен тыс киіммен кірді, шаңды үйге алып кіреміз. Күндеп жетілеп қатын жаман болса айлап, жылдап үйде жатады. Кір қоқсық, жуынды

сүмен дымдалып, үйдегі жылумен сасиды, дем алатын ауаны ластайды, аурудың ұясын үйде жасайды. Бактерия, микроб қаптаиды да осылар ауруды егеді. Үйді тазартып, үйден малды шығар үй сонда ғана денсаулыққа жайлы болады. Құрт - көксау, түрлі сүзек, шешек баланың талай ауруы нас үйді жамылып, бірінен біріне көшеді де жұғады. Мезгіл мезгіл төсек орында, киімді тысқа шығарып, қағып, сілкіп күнге жайса, қыстын күні аязға жайып тастаса, жаудың күлі шашылып, қазаны бауырына құлап, күлдеруші ортасынан күйрейді. Жұқпалы ауру адасып, елде денсаулық орнайды. Тазалықтың іргесі су мен сабын. Біздің елде монша жоқ, моншада жуынуды ел әдет қылмай біздің елде бит жоғалмайды. Бит тұрғанда елден қайталама, теңбіл сүзек шықпайды. Алашты жайлаған осы екі сүзек. Сондықтан, қазақ, жатсаң да, тұрсаң да монша салып алуға іс қыл”- деп халықты денсаулықты сақтауға шақырады.

Ана мен бала денсаулығын назардан тыс қалдырмайды. Елдің келешегі болашағы қазақ аналарының денсаулығы. Дені сау анадан дені дұрыс бала өмірге келеді. Яғни ана денсаулығына қазақ даласында әйелдер консультациясын ұйымдастыру, жаңа туған нәрестені күту туралы кеңес беретін пункттер ашу туралы мәселе көтереді. [6].

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан шығармашылық жұмыстарында денсаулықты сақтау үшін, денсаулықтың қадірін білу үшін елдің мәдени деңгейін көтеру, ағарту мәселелеріне баса назар аударады. Ауру сырқаудан сау дене дұрыс рухтың жемісі болып табылады. Тәннің ләззаты - саулығында, жанның ләззаты - білімінде деп халықты ағартушылыққа насихаттайды.

### ӘДЕБИЕТ

- 1 Абай Мырзағали «Алаш зиялылары індетпен қалай күресті?» <https://abai.kz/post/111307>
- 2 Әлихан Бөкейхан шығармалар жинағы 8-том, Астана 2016 ж.
- 3 Әлихан Бөкейхан шығармалар жинағы 9-том, Астана 2016 ж.
- 4 Әлихан Бөкейхан шығармалар жинағы 10-том, Астана 2016 ж.
- 5 Әлихан Бөкейхан шығармалар жинағы 11-том, Астана 2016 ж.
- 6 Әлихан Бөкейхан шығармалар жинағы 13-том, Астана 2016 ж.
- 7 Әлихан Бөкейхан энциклопедия, Алматы 2018 ж. 1216.
- 8 Досмұхаметов Халел. Жұқпалы ауру қақында// Қазақ-1914,-№№60,62,63.
- 9 Дулатова Г.М. Әбікей Зейінұлы Сәтбаев (отбасы туралы) // Гүлнар Дулатова. Алаштың сөнбес жұлдыздары. Алматы 2010ж.
- 10 Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы / Алматы 2005ж.
- 11 Қошке Кемеңгерұлы “Таңдамалы”, Алматы “Өлке” баспасы 2002 жыл
- 12 «Жұқпалы науқастар». Жұмағали Тілеулин. М. 1926. 63 бетіндегі ескертулер.

### REFERENCES

- 1 Abai Myrzağali «Alaş zialylary indetpen qalai kürestі?» <https://abai.kz/post/111307>
- 2 Älihan Bökeihan şyğarmalar jinağy 8-tom, Astana 2016 j.
- 3 Älihan Bökeihan şyğarmalar jinağy 9-tom, Astana 2016 j.
- 4 Älihan Bökeihan şyğarmalar jinağy 10-tom, Astana 2016 j.
- 5 Älihan Bökeihan şyğarmalar jinağy 11-tom, Astana 2016 j.
- 6 Älihan Bökeihan şyğarmalar jinağy 13-tom, Astana 2016 j.
- 7 Älihan Bökeihan ensiklopedia, Almaty 2018 j. 121b.
- 8 Dosmūhametov Halel. Jūqpaly auru qağyn da// Qazaq-1914,-№№60,62,63.
- 9 Dulatova G.M. Äbikei Zeimūly Sätbaev (otbasy turaly) // Gülnar Dulatova. Alaştyñ sönbes jūldyzdary. Almaty 2010j.
- 10 Kemeñgerūly Q. Üş tomdyq şyğarmalar jinağy / Almaty 2005j.
- 11 Qoşke Kemeñgerūly "Tañdamaly", Almaty "Ölke" baspasy 2002 jyl
- 12 «Jūqpaly nauqastar». Jūmağali Tileulin. M. 1926. 63 betindegi eskertuler.

Поступила 29.10.2022

*K. Zh. Abdrakhmanova<sup>1</sup>, G. B. Alipbekova<sup>1</sup>*

*ACQUAINTANCE OF MEDICAL UNIVERSITY STUDENTS WITH THE PROCESS OF FORMING A PUBLIC HEALTH CARE SYSTEM IN THE WORKS OF KAZAKH INTELLENTSIA OF THE TWENTIETH CENTURY IN THE " HISTORY OF KAZAKHSTAN" SUBJECT*

*<sup>1</sup>Department of history of Kazakhstan and socio-political disciplines of Karaganda Medical University (Karaganda, Kazakhstan)*

The article is devoted to the history of the formation of the Kazakh intelligentsia, headed by Bukeikhanov Alikhan Nurmukhamedovich, the process of formation of the public health system.

The author introduces the works of the Kazakh intelligentsia, their thoughts and views and conducts an analysis reflecting the historical significance and relevance of the topic.

*Key words:* Alash party, Alikhan Bokeikhan, Kazakhstan, intellectuals, public health system, hygiene, infectious diseases

*K. Ж. Абдрахманова<sup>1</sup>, Г. Б. Алипбекова<sup>1</sup>*

*ОЗНАКОМИТЬ И ОБУЧИТЬ СТУДЕНТОВ МЕДИЦИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА С ТРУДАМИ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ О ПРОЦЕССЕ ФОРМИРОВАНИЯ СИСТЕМЫ ОБЩЕСТВЕННОГО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ КАЗАХСТАНА В НАЧАЛЕ XX-ГО ВЕКА.*

*<sup>1</sup>Кафедра Истории Казахстана и социально-политических дисциплин медицинского университета Караганды (Караганда, Қазақстан)*

Статья посвящена истории изучения казахской интеллигенцией, во главе с Букейханом Алиханом Нурмухамедовичем, процесса становления системы общественного здравоохранения.

Автор знакомит с трудами казахской интеллигенции, их мыслями и взглядами и проводит анализ отражающий историческое значение и актуальность темы..

*Ключевые слова:* партия Алаш, Алихан Бокейхан, Казахстан, интеллигенция, здравоохранение, гигиена, инфекционные заболевания